



Дауыс қаттылығының түймелері

Қуат көзі түймесі

USB Type-C порты



## Redmi Note 11S

Пайдаланушының басшылығы

## Redmi Note 11S таңдағаныңыз үшін алғысымыз шексіз

Құрылғыны қосу үшін қуат түймесін басып тұрыңыз. Құрылғыны орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін біздің ресми веб-сайтқа кіріңіз:

[www.mi.com/ru/service/support/userguide](http://www.mi.com/ru/service/support/userguide)

### MIUI

Redmi Note 11S алдын ала орнатылған MIUI ОЖ, бұл біздің Android негізіндегі бапталатын ОЖ-мен жабдықталған. Ол жиі жаңартуларды қамтамасыз етеді және бүкіл әлем бойынша 200 миллионнан астам белсенді пайдаланушылардың ұсыныстарын ескеретін ыңғайлы мүмкіндіктерді қамтиды. Қосымша мәліметтерді [ru.miui.com](http://ru.miui.com) сайтынан қар.

### Екі SIM-картаны қолдану туралы:

- 4G екі SIM-картаны қолдану жергілікті операторлардың ұялы байланыс стандарттарына тәуелді және барлық өңірде қолжетімді болмауы мүмкін.
- Nano-SIM екі картасын пайдалануды қолдайды. SIM-картаға арналған екі слотты пайдаланған кезде олардың кез-келгенін негізгі ретінде таңдауға болады.
- VoLTE тек кейбір өңірлерде ғана байланыс операторларымен қолданылады.
- Желі өнімділігін оңтайландыру үшін жүйе автоматты түрде жаңартылады. Құрылғыда қолданылатын жүйенің нұсқасын нақтылау арқылы көбірек білуге болады.
- SIM ұясына арнайы SIM карталарын салмаңыз. Олар SIM картасының ұясын зақымдауы мүмкін.
- **ЕСКЕРТУ.** Құрылғыны бөлшектемеңіз.

### Электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары



Өнімді қауіпсіз жоюды қамтамасыз ету үшін арнайы сақтық шараларын сақтау қажет. Бұл таңбалау бұл өнімді ЕО аумағындағы басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтынын білдіреді.

Қалдықтардың орынсыз шығарылуынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеу және материалдық ресурстарды қауіпсіз қайта пайдалануға ықпал ету үшін құрылғыны жауапкершілікпен тастаңыз.

Пайдаланылған құрылғыны қауіпсіз қайта өңдеу үшін оны бастапқыда сатып алынған электроника қабылдау пункттеріне немесе бөлшек сауда дүкеніне тапсырыңыз.

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: [www.mi.com/en/about/environment](http://www.mi.com/en/about/environment)

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ЕМЕС ТҮРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАРЫЛЫСҚА ӘКЕЛУІ МҮМКІН. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ НҰСҚАУЛАРҒА СӘЙКЕС ҚАЙТА ӨНДЕҢІЗ.



**Есту қабілетіне нұқсан келтірмеу үшін ұзақ уақыт бойы жоғары дыбысты тыңдау ұсынылмайды.**

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: [www.mi.com/en/about/environment](http://www.mi.com/en/about/environment)

### Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

Құрылғыны қолданар алдында барлық қауіпсіздік мәліметтерін тексеріңіз.

- Басқа кабельдерді, қуат адаптерлерін немесе аккумуляторларды пайдалану өртке, жарылысқа немесе басқа қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғымен үйлесімді рұқсат етілген керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Жабдық жабық жылытылатын үй-жайларда қоршаған ауаның температурасы 0-ден 40 градусқа дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 95% - дан аспайтын жағдайда пайдалануға арналған. Жабдықтың қызмет ету мерзімі ішінде мерзімді техникалық қызмет көрсету қажет емес.
- Егер құрылғы кіріктірілген аккумулятормен жабдықталған болса, аккумуляторға немесе құрылғыға зақым келтірмеу үшін оны өзіңіз ауыстыруға тырыспаңыз.
- Құрылғыны тек берілген немесе рұқсат етілген кабель мен қуат адаптері арқылы зарядтаңыз. Басқа адаптерлерді пайдалану өртке, электр тогының соғуына және құрылғы мен адаптерге зақым келтіруі мүмкін.
- Зарядтау аяқталғаннан кейін адаптерді құрылғыдан ажыратып, оны розеткадан шығарыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық қуаттандырмаңыз.
- Аккумуляторларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек қайта өңдеу немесе кәдеге жарату керек. Аккумуляторды дұрыс пайдаланбау өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Құрылғыны, сондай-ақ оның аккумуляторы мен керек-жарақтарын кәдеге жарату немесе қайта өңдеу жергілікті заңдарға сәйкес жүргізілуі керек.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға, ұсақтауға және өртеуге тыйым салынады. Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
  - Аккумулятормен қысқа тұйықталу тізбегін құруға тыйым салынады, себебі бұл қызып кетуге, күйіп қалуға немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.
  - Аккумуляторды қоршаған орта температурасы жоғары жерлерде қалдыруға тыйым салынады.
  - Қызып кету жарылысқа әкелуі мүмкін.
  - Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға және ұсақтауға тыйым салынады, себебі бұл аккумулятордың электролитінің ағып кетуіне, оның қызып кетуіне немесе жарылуына әкелуі мүмкін.
  - Аккумуляторды жағуға тыйым салынады, себебі бұл өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.

- Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға аккумуляторды өздігінен алып тастауға немесе ауыстыруға тыйым салынады. Аккумуляторды алып тастауды немесе жөндеуді тек уәкілетті қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны суламаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғының кез келген құрамдас бөлігі дұрыс жұмыс істемесе, ті тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Басқа құрылғыларды пайдалану нұсқауларына сәйкес қосыңыз. Бұл телефонға сәйкес келмейтін құрылғыларды қоспаңыз.
- Айнымалы ток адаптерлерін пайдаланған кезде штепсель розеткасын жабдықтың жанына қойып, оған еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету керек.



### Сақтық шаралары

- Белгілі бір жағдайларда және жерлерде ұялы телефондарды пайдалануды шектейтін қолданыстағы заңнаманың талаптары мен ережелерін тексеріңіз.
- Телефонды жанармай құю станцияларында, жанармай құю алаңдарын, кемелердегі жабық үй-жайларды, отын немесе химиялық заттарды сақтайтын қоймаларды немесе оларды тасымалдауға арналған келік құралдарын, ауаны химиялық заттармен немесе құмның, шаңның немесе металл ұнтақтарының ұсақ бөлшектерімен қанықтыруға болатын жерлерді қоса алғанда, жарылыс қаупі бар ортада пайдаланбаңыз. Сымсыз құрылғыларды (телефон немесе басқа радио жабдықтары) пайдалануға тыйым салатын барлық белгілердің нұсқауларын орындаңыз. Жарылыс жұмыстары жүргізілетін жерлерде, сондай-ақ ықтимал кедергілерді болдырмау үшін рацияларды немесе электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салатын белгілер орнатылған жерлерде смартфонды немесе сымсыз құрылғыны өшіріңіз.
- Смартфонды ауруханалардың операциялық блоктарында, жедел жәрдем бөлмелерінде және реанимация бөлімшелерінде пайдаланбаңыз. Ауруханалар мен денсаулық орталықтарындағы барлық ережелер мен ережелерді орындаңыз. Егер сіз жеке медициналық құрылғыны қолдансаңыз, телефон сіздің құрылғыңыздың жұмысына кедергі келтіретінін білу үшін дәрігермен және өнім өндірушісімен кеңесіңіз. Кардиостимулятордың жұмысына ықтимал кедергілерді болдырмау үшін ерқашан оның және ұялы телефонның арасында ең аз 15 см қашықтықты сақтаңыз. Ол үшін телефонды кардиостимулятордың қарама-қарсы жағындағы құлаққа қойып, оны кеуде қалтасына салмау керек. Медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеарлық импланттардың және басқа да ұқсас құрылғылардың жанында пайдаланбаңыз.
- Ұшақтағы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және қажет болған жағдайда телефонды өшіріңіз.
- Көлік жүргізу кезінде телефонды тиісті жол қозғалысы заңдары мен ережелеріне сәйкес пайдаланыңыз.
- Найзағай соқпау үшін найзағай кезінде телефонды сыртта пайдаланбаңыз.
- Қуаттандырылып жатқан кезде телефонды қоңырау шалу үшін пайдаланбаңыз.
- Жуынатын бөлме сияқты ылғалдылығы жоғары жерлерде телефонды пайдаланбаңыз. Бұл электр тогының соғуына, жарақатқа, өртке немесе зарядтағыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

### Қауіпсіздік туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мүмкіндігімен немесе уәкілетті қызмет көрсету орталықтарымен жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы басқа жолмен жаңарту құрылғыны зақымдауы немесе деректердің жоғалуына, қауіпсіздік мәселелеріне және басқа қауіптерге әкелуі мүмкін.

### ЕО нормалары

#### Радио жабдықта қатысты директиваның талаптарына сәйкестігі туралы Декларация



Осы арқылы Xiaomi Communications Co., Ltd. Компаниясы GSM/GPRS/EDGE/UMTS/LTE байланыс стандарттарын және Bluetooth және Wi-Fi функцияларын қолдайтын бұл 2201117SY сандық смартфонды 2014/53/EU радио жабдықтарына қатысты директиваның негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін айтады. ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі интернет-мекен-жай бойынша қол жетімді: [www.mi.com/en/certification](http://www.mi.com/en/certification)

#### Радиожілік сәулеленуі туралы мәліметтер (SAR)

Бұл құрылғы халық / бақыланбайтын сәулелену үшін мәншікті сіңіру коэффициентіне (SAR) қатысты талаптарға сәйкес келеді (бас пен дене үшін SAR шекті мәні 10 г тіңге 2,0 Вт/кг құрайды).

Жоғарыда аталған талаптар ЕО Кеңесінің 1999/519/ЕС нұсқауымен, иондаушы емес сәулеленуден қорғау жөніндегі халықаралық комиссияның нұсқауларымен, сондай-ақ 2014/53/EU (RED) радио жабдықтарына қатысты директивамен анықталады.

SAR стандарттарына сәйкестігін тексеру кезінде бұл құрылғы барлық тексерілген жиілік диапазоңдарында ең жоғары сертифицирталған қуат сигналын берді. Ол басына жақын және денеден 5 мм қашықтықта киген кезде радиожілік сәулеленуді имитациялайтын позицияларда болды.

Құрылғы адам денесінен 5 мм қашықтықта жұмыс істеген кезде өлшенген SAR мәндері негізге алынады. Радиожиілік сәулеленуінің рұқсат етілген немесе төмен деңгейін қамтамасыз ету үшін бұл құрылғыны денеден кемінде 5 мм қашықтықта пайдалану ұсынылады. Құрылғыны денеге жақын жерде бекіту үшін белдік қысқыштарын немесе металл элементтері жоқ несессерді пайдаланыңыз, бұл құрылғы мен дене арасындағы ең аз 5 мм қашықтықты қамтамасыз етеді. Құрамында металл элементтері бар дене керек-жарақтарын киген кезде радиожиілік сәулелену нормаларына сәйкестігі тексерілмеген және сертификатталған, сондықтан мұндай аксессуарларды кию ұсынылмайды.

#### **Сертификаттау туралы мәліметтер (SAR шекті мәндері)**

10 г есептелген SAR шекті мәні: 2,0 Вт/кг.

Бас үшін SAR мәні 0,595 Вт/кг, дене үшін 0,936 Вт/кг (5 мм қашықтықта).

#### **Заң ақпараты**

Бұл құрылғыны ЕО-ның барлық мемлекеттерінде қолдануға болады.

Құрылғыны пайдаланған кезде ұлттық және жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Пайдаланылатын қуат адаптері IEC/EN 62368-1 регламентінің 6.4.5-тармағының талаптарына сай болуы тиіс. Ол ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тексеріліп, мақұлданыуы керек.

#### **Жілік диапазондары және қуаттылығы**

Бұл смартфон бұдан әрі көрсетілген жілік диапазонында тек ЕО аумағында және радиожиілік сигналының максималды қуатында жұмыс істейді.

GSM 900: 35,5 дБм

GSM 1800: 32,5 дБм

WCDMA 1/8 жілігі: 25,7 дБм

LTE 1/3/7/8/20/28/38/40/41 жілігі (2535 МГц – 2655 МГц): 25,7 дБм

Bluetooth: 20 дБм

Wi-Fi 2,4 ГГц жілігімен бірге: 20 дБм

Wi-Fi 5 ГГц жілігімен бірге: 5150 бастап 5250 МГц дейін 23 дБм құрайды, 5250 бастап

5350 МГц дейін 20 дБм құрайды, 5470 бастап 5725 МГц дейін 20 дБм құрайды, 5725

бастап 5850 МГц дейін 14 дБм құрайды.

NFC: 13,56 МГц < 42 дБмкА/м 10 м арақашықтығында.

#### **Федералдық байланыс комиссиясының нормалары**

Бұл смартфон федералдық байланыс комиссиясының ережелерінің 15 бөлігіне сәйкес келеді. Оның жұмысы келесі екі шартқа сәйкес келеді: 1) Бұл құрылғы зиянды кедергілер тудырмауы керек, 2) бұл құрылғы көз-келген кедергі, соның ішінде жұмыс істемеуі мүмкін кедергілер жағдайында жұмыс істеуі керек. Бұл смартфон тексерілген және федералдық байланыс комиссиясының 15-бөліміне сәйкес В класындағы сандық құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Бұл талаптар тұрғын үйдегі зиянды кедергілерден ақылға қонымды қорғауды қамтамасыз етеді.

Бұл жабдық радиожиілік энергиясын өндіреді, пайдаланады және шығара алады, сондай-ақ, егер ол нұсқаулықтарды бұза отырып орнатылса және пайдаланылса, радиобайланыс үшін зиянды кедергілер тудыруы мүмкін.

Дегенмен, біз белгілі бір орнату кезінде кедергі болмайтынына кепілдік бермейміз.

Егер бұл жабдық теледидар мен радио сигналдарына кедергі келтірсе (бұл жабдықты өшіру және қайта қосу арқылы анықталады), пайдаланылуы кедергілерді келесі әдістердің бірімен немесе бірнешеуімен жоюға тырысуы мүмкін:

– қабылдау антеннасының бағыты мен орнын өзгертіңіз;

– жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз;

– жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз;

– сатушыдан немесе теле және радио жабдықтары бойынша білікті техниктен көмек сұраңыз.

#### **Радиожиілік сәулеленуі туралы мәліметтер (SAR)**

Бұл құрылғы радиожиілік сәулеленуінің мемлекеттік стандарттарына сәйкес келеді.

Құрылғы радиожиілік (РЖ) энергиясының шекті сәулелену мәндерінен аспайтындай етіп жасалған және жасалған. Сымсыз құрылғылар үшін сәулелену дозасының стандарты ретінде мөншікті сіңіру коэффициенті (SAR) қолданылады.

Федералдық байланыс комиссиясы SAR шекті рұқсат етілген мәнін белгіледі, ол 1,6

Вт/кг құрайды. Бұл құрылғы адам ағзасына жақын жерде пайдалану үшін сыналған. Ол Федералдық байланыс комиссиясының радиожиілікті сәулелену талаптарына сәйкес келеді, егер ол металсыз аксессуарлармен қолданылса және құрылғының денеден кемінде 1,5 см қашықтықта болуына мүмкіндік берсе. Құрамында металл элементтері бар дене керек-жарақтарын киген кезде радиожиілік сәулелену нормаларына сәйкестігі тексерілмеген және сертификатталған. Сондықтан мұндай аксессуарларды кию ұсынылмайды. Бұл телефонмен адам ағзасына жақын жерде қолданылатын көз-келген аксессуар денеден кемінде 1,5 см қашықтықта болуы керек.

#### **Федералдық байланыс комиссиясының ескертпесі**

Өнімнің нормативтік талаптарға сәйкестігіне жауапты тарап мақұлдамаған өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Бұл өніммен Федералдық байланыс комиссиясының шектеулеріне сәйкес В класына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін экрандалған кабельді пайдалану қажет.

### **Электрондық заттаңба**

Бұл құрылғыда сертификаттау мәліметтері бар электрондық жапсырма бар. Оны көру үшін "Баптаулар > Телефон туралы > Сертификаттау" тармағын таңдаңыз немесе "Баптаулар" тармағын таңдап, іздеу жолағына "Сертификаттау" деп теріңіз.

Модель: 2201117SY

"2201" белгісі өнімнің 2022 жылдың қаңтардан кейін нарыққа шығатынын білдіреді.

### **Міндеттемелерден бас тарту**

Бұл Пайдаланушы нұсқаулығын Xiaomi немесе оның жергілікті серіктестігі жариялайды. Xiaomi компаниясы осы пайдаланушы нұсқаулығына типографиялық қателіктерге, ағымдағы мәліметтердің дәлсіздіктеріне немесе кез келген уақытта және ескертусіз бағдарламалар мен жабдықтарды жақсартуға байланысты өзгертулер немесе түзетулер енгізуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ағымдағы пайдаланушы нұсқаулығының жаңа шығарылымдарына қосылады (толық ақпаратты мына сілтемеден қараңыз: [www.mi.com/ru/service/support/userguide](http://www.mi.com/ru/service/support/userguide)).

Барлық иллюстрациялар тек көрсету үшін берілген және нақты құрылғыны дәл көрсетпеуі мүмкін.

Өндіруші: Xiaomi Communications Co., Ltd.

Өндірушінің пошта мекенжайы:

#019, 9-қабат, 6 құрылыс, Орталық жолы Си'эрци,  
ү.33, Хайдянь ауданы, Пекин, 100085, Қытай

Сауда таңбасы: Xiaomi      Модель: 2201117SY

© Xiaomi Inc, Барлық құқықтар қорғалған.

